

2018 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 5 сәуірдегі № 485 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 23 сәуірде № 6266 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. 2018 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квоталар осы қаулының 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес белгіленсін.

2. Жаңақорған аудан әкімдігінің 2017 жылғы 24 қазандағы № 340 "2017 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6029 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде 2017 жылы 23 қарашада жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

Г. Әміреев

Жаңақорған ауданы әкімдігінің

2018 жылғы "05" сәуірдегі

№ 485 қаулысына

1-қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 28.11.2018 № 672 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны /адам/	Жұмыскерлердің тізімдік санынан алғандағы квотаның көлемі (%)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін ж ұ м ы с
---	---------------	-------------------------------------	---	--

				орындарының саны, /адам/
1	"Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" Жаңақорған орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	78	3	2
2	"КДСМ Қыран" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	98	3	3
3	"Сұңқар" шаруақожалығы	55	3	1
4	"Бақытжан" шаруақожалығы	30	3	1
5	"Мырзабай" шаруақожалығы	20	3	1
6	"Түгіскен" тәжірбие шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	70	3	2
7	"Жаңақорған жолдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	28	3	1
8	"Ынтымақ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	49	3	1
9	"Сарман тастақ Жаңақорған" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	13	3	1
10	"Тасболат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	12	3	1

Жаңақорған ауданы әкімдігінің

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 28.11.2018 № 672 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны /адам/	Жұмыскерлердің тізімдік санынан алғандағы квотаның көлемі (%)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының саны, /адам/
1	"Шалхия Цинк ЛТД" акционерлік қоғамы	705	3	21
2	"СКЗ-У" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	280	3	8
3	"Жанақорған транзит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	82	3	2
4	"Қызылқұм" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	362	3	11
5	"Байкен-У" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	502	3	15

Жаңақорған ауданы әкімдігінің
2018 жылғы "05" сәуірдегі
№ 485 қаулысына 3-қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын, жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны /адам/	Жұмыскерлердің тізімдік санынан алғандағы квотаның көлемі (%)	Жұмыс орындарының саны /адам/
---	---------------	-------------------------------------	---	-------------------------------

1	Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының " Жаңақорған орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	78	3	2
2	"Түгіскен" тәжірбие шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	70	3	2